

М.Құрманғалиева атындағы №32 гимназиясы ас блоктарына санитарлық қағида талаптарын сақтау және балалар арасында жаппай тағамнан уланудың алдын-алу мәселелері бойынша отырыс
ХАТТАМАСЫ

М.Құрманғалиева атындағы
№32 гимназиясы

13 қараша, 2023 жыл

Қаралатын мәселелер:

1. Оқушылар арасында тағамнан уланудың алдын-алу мәселесі
2. Оқушыларға берілетін тегін тамақтанудың сапалы, уақытылы қамтамасыз ету

Қатысқандар:

Комиссия төрағасы:

1. Джамбулова А. С. - М. Құрманғалиева атындағы №32 гимназия директоры

Комиссия мүшелері:

2. Барышева Л. - директордың тәрбие-ісі жөніндегі орынбасары
3. Жадрасынова А. - директордың ЖББ ісі жөніндегі орынбасары
4. Имангазина А. – гимназия медбикесі
5. Жұхатаева А, Каденова Ж. - әлеуметтік педагогтар
6. Кеншімбаева Ұ. – шаруашылық ісі жөніндегі орынбасары
7. Пирмаханова Т. – «Қамқоршылық» кеңесінің төрайымы

Мектеп асханасын жалға алушы ИП «Садуакасова Ж.»

Тыңдалды:

1. Джамбулова А. С. - М. Құрманғалиева атындағы №32 гимназия директоры: Мектеп ас блоктарында санитарлық қағида талаптарын сақтау және балалар арасында жаппай тағамнан уланудың алдын-алу мәселелері бойынша жиналып отырмыз. Қазіргі таңда мектеп асханасында 1-4 класс оқушылары және жеңілдік санатындағы оқушылар уақытылы тамақтанып келеді. Айына 1 рет бракераждық комиссия мүшелері болып ас блогындағы тамақтың берілу сапасы мен уақытылы ішуін қадағалап отырмыз. Осы уақытқа дейін асхана тамағынан уланған оқушы тіркелген жоқ. Бұл дегеніміз асханадағы аспазшының сапалы қызмет жасап келе жатқандығының көрінісі деп ойлаймын.

Имангазина А. – гимназия медбикесі: Қазіргі таңда тағамнан улану жағдайлары көп орын алуда. Тамақтан улану – бұл асқазан-ішекке тамақпен немесе сусындармен бірге зиянды бактериялардың түсуінен ішкі органдардың жұмысының бұзылуы. Құрамында агрессиялы химиялық заттары бар немесе бактериялары бар тамақты ішкеннен кейін, токсиндер қан құрамына ақырын сіңіп, улану тудырады.

Уланудың белгілері қандай?

Тамақтан улану аз уақыттың ішінде болады. Бұл ауру кезінде науқастың бойында мынадай белгілер болады:

- жүрек айну, құсу;
- диарея (іш өту);
- асқазан немесе ішек ауруы;
- әлсіздік, ұйқы қашу;
- бас ауруы.

Егер уақытында емделмесе, бұл белгілер күшейе түсуі мүмкін. Әсіресе, баланың улануы, белгілі бір аурудан енді жазылған егде адамның жағдайы тамақтан уланса өте ауыр болады.

Алғашқы көмек қалай көрсетіледі?

Ересек адам уланып қалса, тез арада «Жедел жәрдем» шақыру керек. Дәрігер келгенше кез келген улану жағдайында адам ағзасынан уды шығару немесе у қайтаратын амалдарға кіріскен дұрыс. Егер у тамақ арқылы түскен болса, уды шығарудың ең тиімді жолы – асқазанды шаю. Ол үшін науқасқа көп мөлшерде су беріп, тілдің тамырын саусақпен басу арқылы құсуын қадағалау керек. Егер жәбірленуші өзі мұны істей алмаса, көмектескен дұрыс.

2. **Жадрасынова А. - директордың оқу ісі жөніндегі орынбасары:** 1-4 сынып және жеңілдік санатындағы оқушыларға берілетін тегін тамақтанудың сапалы, уақытылы камтамасыз етіліп жатыр. Оқушылар 10, 15 минуттық қоңырауда тамақтанады. Айына 1 рет бракераждық комиссия мүшелері ас блогына бақылау жасап отырмыз. Күнделікті ас мәзірі перспективалық мәзірге сәйкес келеді. Оқушыларға ас мәзірі ұнайды, тамақтарын сүйсініп жейді. Осы күнге дейін мектеп асханасынан улану жағдайлары орын алған жоқ.


М.Құрманғалиева атындағы №32 гимназия асханасын жалға алушы ИП Садуакасова Ж: жоғарыда айтылып жатқан пікірлерге қосыламын. Мектеп асханасын үнемі таза ұстауға тырысамыз. Сонымен қатар оқушыларға берілетін ас мәзірін уақытылы және сапалы беріліп жатыр. Азық-түлік сатып аларда сақталу мерзіміне өте қатты көңіл бөлеміз. Себебі азық-түліктің сапасы, сақталу мерзімі сақталмаса оқушылардың тамақтан улану жағдайлары орын алуы мүмкін. Осы уақытқа дейін тамақтан улану мәселелері орын алған жоқ.

Пирмаханова Т. – ата-ана: жоғарыда айтылған пікірлерге толығымен қосыламын. Менің немерелерім де осы мектеп асханасынан күнделікті тамақтанады. Асхана тағамдарын сүйсініп жейді, дәмді деп мақтап келеді. Уақытылы, дұрыс тамақтану денсаулыққа пайдалы. Адамзат денсаулығын сақтаудың басты шарты – дұрыс тамақтану. Сондықтан тамақтануға ерекше көңіл бөлген жөн. Тамақ құрамының құндылығы басты назарда болғаны дұрыс. Тиімді, дұрыс тамақтану денсаулықты сақтауға, ағзаның қалыпты өсуі мен дамуына, жұмыс қабілетінің жоғарылауына және ағзаның







қоршаған ортаның әртүрлі жағымсыз әсеріне қарсылығын күшейтуге ықпалын тигізеді деп ойлаймын.


Бракерая комиссия мүшелерінің қолы:

Комиссия төрағасы:

1. Джамбулова А. С.  М. Құрманғалиева атындағы №32 гимназия директоры

Комиссия мүшелері:

2. Барышева Д.  директордың тәрбие-ісі жөніндегі орынбасары
3. Жадрасынова А.  директордың ЖББ ісі жөніндегі орынбасары
4. Имангазина А.  гимназия медбикесі
5. Жұкатаева А, Каденова Ж.  әлеуметтік педагогтар
6. Кеншімбаева Ұ.  шаруашылық ісі жөніндегі орынбасары
7. Пирмаханова Т.  «Қамқоршылық» кеңесінің төрайымы

Таныстым:  Садуакасова Ж.Л. (Жалға алушы)